Бекітемін
№29 «Ай-Керім» бөбекжай
Бақшасының меңгерушісі:
Қ.Қ.Сейдалиева

*Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті*

# «Музыка әлеміне саяхат»



20.01.2023ж.

«Айкөйлек» мектепалды тобы

Музыка жетекшісі:Даниярбекова Жибек

***Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті***
**Тобы:** «Айкөйлек» мектепалды тобы
**Жас ерекшелігі:** 5 жас
**-Физикалық дамыту;**
**- Коммуникатив дағдыларды дамыту;**
**- Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;**
**- Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс – әрекеттің дамыту;**
**- Әлеуметтік - эмоцияналды дағдыларын қалыптастыру арқылы іске асырылады;**
**Өтілетін күні:**20.01.2023ж
**Тақырыбы: «Музыка әлеміне саяхат»**
**Мақсаты:** Балалардың ноталарды тануын, музыкалық аспаптарға деген қызығушылығын ояту, оларды дыбысынан ажырата білуге және музыкаларды тыңдау арқылы эстетикалық талғамдарын, музыканы қабылдау деңгейін дамытуға, мінезіне қарай ажырата білуге үйрету.
**Міндеті:** Балаларды ойлау ,есте сақтау қабілетін дамытуды жалғастыру.Балалар ойын ойнағанда бір – біріне сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.Ойынға деген қызығушылығын арттыру,
**Әдіс – тәсілдері:** Сұрақ – жауап ,көрсету ,түсіндіру,үйрету ,ойын .
**Көрнекіліктер:** слайд ,ағаш қасық , текше,музыкалық аспаптар .

Сабақтың барысы:
Видео ролик болады!

**Музыка жетекшісі:**Топқа кіреді,балалармен амандасады.

Сәлеметсіңдерме балалар?Менің сендерге керемет жаңалығым бар!Біздің тамаша жаңа жыл ертеңгілігімізден соң уәде еткендей,сендерді ертең сиқырлы музыка әлеміне саяхатқа шақырамын!Саяхатқа шығуға дайынсыңдар ма?

**Балалар:Әрине (Қуанады.)**

**Музыка жетекшісі:** Балалар сендерді тәрбиеші апайларыңмен музыка әлемінде күтетін боламын!

Сау болыңдар!

Саяхатқа көңілді музыкамен шығады

**Музыка жетекшісі:**Балалар мұнда сиқырлы көпір бар сендер музыка ырғағын тыңдап,мұқият өтіңдер,мен сендерге жолын көрсетемін!

Залға кіру үшін сиқырлы музыкалық көпірден өтеді.

Арам-зам-зам музыкасымен.

**Музыка жетекшісі:**Сәлем,сәлем балалар?

Сәлеметсізбе!

Қалдарыңыз қалай?

Өте керемет!

Көңілді болып жүрейік

Иә,иә,иә

Көңілді болып жүрейік

Иә,иә,иә

Бірге билейміз,әнде айтамыз,

Қанекей барлығымыз бірге қайталаймыз.

**Музыка жетекшісі**:Балалар біз көпірден жақсы өттік,ендеше бір-бірімізді құттықтайық!

2 қатарға бөлінеді,бір біріне қарама-қарсы көңілді музыкамен бір бірін құттықтайды.

(Қимылдық би)

**Музыка жетекшісі:**Ой балалар міне «Музыка әлеміне» де келдік!Ой балалар мұнда есіктің сыртында құлып тұр екен!Енді не істейміз?

**Айша:**Сиқырлы сөздерімізді айтсақ ашылатын шығар.

**Музыка жетекшісі:**Ал ендеше сиқырлы сөздерімізді айтайық!

Тоқылдатайық тук-тук (қолымызды айқастырамыз).

Айналдырайық круг-круг (айналдырамыз қолымызды),

Ал созайық тин-тин-тин (созамыз қолымызды),

Міне ашылды цин-цин-цин (есік ашылады.)

Балалар міне сиқырлы сөзімізбен есікте ашылды!

**Ғажайып сәт (музыка кілті)**

**Музыка кілті:**Балалар менің әлеміме қош келдіңдер!

Сендер музыкада неше дыбыс бар білесіңдер ме?және олар қалай аталады?

**Балалар:**Музыка әлемінде жеті дыбыс бар!До,ре,ми,фа,соль,ля,си

**Музыка кілті**:Балалар сендер музыкалық аспаптарды білесіңдер ме?Сендерге қысқаша түсіндірейін!

Енді мұнда қобыз аспабының суреті бар қорапта сендерге сыйлығым бар,сендер ол сыйлықты қалай пайдалана аласыңдар?Байқап көрейін?

**Музыка жетекшісі:**Қорапта ашады,балалар текшелерді алып билейді.

**Музыка кілті**:Балалар домбыра аспабы туралы не білессіңдер? (Домбыра туралы түсінік)

Сендер күйші болғыларың келеді ме?

Ендеше «Кім күйші болғысы келеді?» байқап көрейік!

Ойын ойнаймыз!

**Музыка жетекшісі**:Музыка кілті біздің балалар өте өнерлі ,оларда құр қол келмеді, біз ән айтқанды ұнатамыз,өзімізбен керемет ән ала келдік.

**Ән:**Біз өнерлі баламыз!

**Музыка кілті:**Жарайсыңдар ал енді менің әлемімдегі келесі музыкалық аспап асатаяқ! (Асатаяқ туралы түсінік)

Ендеше асатаяқ аспабының суреті бар қораптың ішінде сыйлығым бар! Сиқырлы қасықтармен «Келіншек» күйін тыңдағым келіп тұр!

**Музыка жетекшісі:**Балалар біздің саяхатымыз керемет өтіп жатыр!Ал енді бір сергіп алайық!

Сергітіу сәті.

**Музыка кілті:**Ендіше сыбызғы аспабын таныстыра кетейін!(қысқаша түсінік) Қораптың ішінде ең керемет сыйлықтар бар!Керемет әуен ойнап берсеңдер!

**Оркестр:** «Концерт»

**Музыка кілті:** Балалар сендердей өнерлі балаларды көріп таң қалдым,керемет әсер қалдырдыңдар!

**Музыка жетекшісі:**Иә бізге де бүгінгі күн ұнады!Балалар сендерге не ұнады? Қандай әсер алдыңдар?Музыкада неше дыбыс бар екен?Қандай ұлттық аспаптар бар екен?

Балалар сұрақтарға жауап береді.

**Музыка жетекшісі:**Музыка кілті біздің қайтатын уақытымыз болды!Бүгінгі ерекше күн үшін өзіңізге алғыс айтамыз!Келесі кездескенше сау болыңыз.

Керемет әнімізді айтып өздеріңізбен қоштасамыз!

Ән «Ноталар»

Топқа қайтамыз.

Күтілетін нәтиже:
Біледі: Балалар ноталардың аттарын атай біледі;
Игереді: Музыканың мінезін ажырата біледі, аспаптармен танысты;
Меңгереді: Балалардың музыка мәдениетіне деген көз - қарастарын

Ендеше «Кім күйші болғысы келеді?» байқап көрейік!

Ойын ойнаймыз!

**Музыка жетекшісі**:Музыка кілті біздің балалар өте өнерлі ,оларда құр қол келмеді, біз ән айтқанды ұнатамыз,өзімізбен керемет ән ала келдік.

**Ән:**Біз өнерлі баламыз!

**Музыка кілті:**Жарайсыңдар ал енді менің әлемімдегі келесі музыкалық аспап асатаяқ! (Асатаяқ туралы түсінік)

Ендеше асатаяқ аспабының суреті бар қораптың ішінде сыйлығым бар! Сиқырлы қасықтармен «Келіншек» күйін тыңдағым келіп тұр!

**Музыка жетекшісі:**Балалар біздің саяхатымыз керемет өтіп жатыр!Ал енді бір сергіп алайық!

Сергітіу сәті.

**Музыка кілті:**Ендіше сыбызғы аспабын таныстыра кетейін!(қысқаша түсінік) Қораптың ішінде ең керемет сыйлықтар бар!Керемет әуен ойнап берсеңдер!

**Оркестр:** «Концерт»

**Музыка кілті:** Балалар сендердей өнерлі балаларды көріп таң қалдым,керемет әсер қалдырдыңдар!

**Музыка жетекшісі:**Иә бізге де бүгінгі күн ұнады!Балалар сендерге не ұнады? Қандай әсер алдыңдар?Музыкада неше дыбыс бар екен?Қандай ұлттық аспаптар бар екен?

Балалар сұрақтарға жауап береді.

**Музыка жетекшісі:**Музыка кілті біздің қайтатын уақытымыз болды!Бүгінгі ерекше күн үшін өзіңізге алғыс айтамыз!Келесі кездескенше сау болыңыз.

Керемет әнімізді айтып өздеріңізбен қоштасамыз!

Ән «Ноталар»

Топқа қайтамыз.

Күтілетін нәтиже:
Біледі: Балалар ноталардың аттарын атай біледі;
Игереді: Музыканың мінезін ажырата біледі, аспаптармен танысты;
Меңгереді: Балалардың музыка мәдениетіне деген көз - қарастарын

қалыптастырады.





